

"Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелерін анықтау туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 1127 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 14 қыркүйектегі № 955 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 қыркүйекте № 29558 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 28 тамыздағы № 589 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 28.08.2024 № 589 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелерін анықтау туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 1127 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18120 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

""Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықтың 1, 2, 3 және 4-қосымшалары осы бұйрықтың 1, 2, 3 және 4-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік секторының сатып алу заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қаржы министрінің
2022 жылғы 14 қыркүйектегі
№ 955 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 1127 бұйрығына
1-қосымша

Мемлекеттік сатып алуды республикалық маңызы бар бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі*

р/с №	Атауы
1	Тауарлар:
1.1	орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар (ведомстволар мен олардың аумақтық бөлімшелері, республикалық заңды тұлғалар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болатын бюджет қаражаты есебінен сатып алынатын тауарлар конкурс/аукцион өткізуге бөлінген лот сомасының республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген сегіз мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асқан кездегі тауарлар
2	Жұмыстар:
2.1	орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар (ведомстволар мен олардың аумақтық бөлімшелері, республикалық заңды тұлғалар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болатын бюджет қаражаты есебінен сатып алынатын

	жұмыстар конкурс өткізуге бөлінген лот сомасының республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген жиырма мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асқан кездегі жұмыстар
3	Көрсетілетін қызметтер:
3.1	орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар (ведомстволар мен олардың аумақтық бөлімшелері, республикалық заңды тұлғалар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болатын бюджет қаражаты есебінен сатып алынатын қызметтер конкурс өткізуге бөлінген лот сомасының республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген жиырма мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асқан кездегі көрсетілетін қызметтер

Ескертпе:

* Осы Тізбе бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы" мемлекеттік мекемесі мен оның ведомстволары жүзеге асыратын мемлекеттік сатып алуларды қоспағанда, электрондық сатып алу арқылы өткізілетін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қолданылады;

Бірыңғай ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді жоғары тұрған бюджеттер төмен тұрған бюджеттерге беретін нысаналы даму трансферттерін, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды және кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғынжайды сатып алуды қоспағанда жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қаржы министрінің
2022 жылғы 14 қыркүйектегі
№ 955 бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 1127 бұйрығына
2-қосымша

Мемлекеттік сатып алуды облыстық бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі*

p/c№	Атауы
1	Тауарлар:
1.1	облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдары тапсырыс берушілер болып табылатын конкурс/аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлар
1.2	тапсырыс берушілер аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары болып табылатын республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген қырық мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен конкурс/аукцион өткізуге бөлінген лот сомасы асқан кездегі тауарлар
2	Жұмыстар:
2.1	облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары тапсырыс берушілер болып табылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын жұмыстар (2.4-тармақта көзделген жұмыстарды қоспағанда)
2.2	тапсырыс берушілер аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары болып табылатын республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген қырық мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен конкурс өткізуге бөлінген лот сомасы асқан кездегі жұмыстар (2.3-тармақта көзделген жұмыстарды қоспағанда)
2.3	тапсырыс берушілер аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдары, аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері болып табылатын республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген төрт мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен конкурс өткізуге бөлінген лот сомасы асатын жобалау-сметалық құжаттаманы және (немесе) техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу
2.4	облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын орташа және ағымдағы жөндеу мен оларды күтіп-ұстау
3	Көрсетілетін қызметтер:

3.1	облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары тапсырыс берушілер болып табылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын қызметтер (3.3-тармақта көзделген көрсетілетін қызметтерді қоспағанда)
3.2	тапсырыс берушілер аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары болып табылатын республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген қырық мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен конкурс өткізуге бөлінген лот сомасы асқан кездегі көрсетілетін қызметтер (3.3-тармақта көзделген көрсетілетін қызметтерді қоспағанда)
3.3	осы Тізбенің 2.1, 2.2 және 2.4-тармақтарына сәйкес мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын жұмыстар бойынша инжинирингтік қызметтер (техникалық қадағалау және жобаларды басқару жөніндегі қызметтер)

Ескертпе:

* Осы Тізбеде көрсетілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ұйымдастыруды және өткізуді облыс, облыс ауданы, облыстық маңызы бар қала, облыстық мәні бар қаладағы ауданның тиісті әкімдігіне ведомстволық бағынысты тапсырыс берушілер үшін мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушылары жүзеге асырады (оның ішінде облыстық және аудандық коммуналдық заңды тұлғалар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар);

Осы Тізбенің 1.1, 2.1 және 3.1-тармақтарында көрсетілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді облыс аудандарының, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдері және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары мен мекемелері үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген қырық мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен конкурс/аукцион өткізуге бөлінген лот сомасы асқан кезде мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушылар жүзеге асырады;

Осы Тізбеге енгізілмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға тапсырыс берушілердің өтінімдері бойынша тапсырыс берушімен бірлескен конкурстық комиссияларды (аукциондық комиссияларды) құру

арқылы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы осындай мемлекеттік сатып алуды өткізумен келіскен жағдайда орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады;

Осы Тізбе бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды және кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғынжайды сатып алуды қоспағанда, электрондық мемлекеттік сатып алу арқылы өткізілетін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қолданылады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қаржы министрінің
2022 жылғы 14 қыркүйектегі
№ 955 бұйрығына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 1127 бұйрығына
3-қосымша

Мемлекеттік сатып алуды республикалық маңызы бар қалалар мен астананың бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушысы жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі*

р/с№	Атауы
1	Тауарлар:
1.1	республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен конкурс/ аукцион өткізуге бөлінген лот сомасы асқан кездегі тауарлар
2	Жұмыстар:
2.1	республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен конкурс өткізуге бөлінген лот сомасы асқан кездегі жұмыстар (2.2-тармақта көзделген жұмыстарды қоспағанда)
2.2	жылдық көлемі құндық шамада республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он мың еселенген мөлшерінен конкурс өткізуге бөлінген лот сомасы асқан кездегі жобалау-сметалық құжаттаманы және (немесе) техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу

3	Көрсетілетін қызметтер:
3.1	республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен конкурс өткізуге бөлінген лот сомасы асқан кездегі көрсетілетін қызметтер (3.2-тармақта көзделген көрсетілетін қызметтерді қоспағанда)
3.2	республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен конкурс өткізуге бөлінген лот сомасы асатын инжинирингтік қызметтер (техникалық қадағалау және жобаларды басқару жөніндегі қызметтер)

Ескертпе:

* Осы Тізбеде көрсетілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді тиісті Республикалық маңызы бар қала және Астана әкімдігіне ведомстволық бағынысты тапсырыс берушілер үшін мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушылар жүзеге асырады (оның ішінде коммуналдық заңды тұлғалар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар);

Осы Тізбеге енгізілмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға тапсырыс берушілердің өтінімдері бойынша тапсырыс берушімен бірлескен конкурстық комиссияларды (аукциондық комиссияларды) құру арқылы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы осындай мемлекеттік сатып алуды өткізумен келіскен жағдайда орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады;

Осы Тізбе бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды және кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғынжайды сатып алуды қоспағанда, электрондық мемлекеттік сатып алу арқылы өткізілетін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қолданылады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қаржы министрінің
2022 жылғы 14 қыркүйектегі
№ 955 бұйрығына
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің

Мемлекеттік сатып алуды облыс ауданы, облыстық маңызы бар қалалар, облыстық маңызы бар қаладағы ауданның бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушысы жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі*

р/с№	Атауы
1	Тауарлар:
1.1	конкурс/аукцион өткізуге бөлінген лоттың сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген қырық мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын тауарлар
2	Жұмыстар:
2.1	конкурс өткізуге бөлінген лоттың сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген қырық мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын жұмыстар (2.2 және 2.3-тармақтарда көзделген жұмыстарды қоспағанда)
2.2	конкурс өткізуге бөлінген лоттың сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген төрт мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын жобалау-сметалық құжаттаманы және (немесе) техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу
2.3	аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін орташа және ағымдағы жөндеу мен оларды күтіп-ұстау
3	Көрсетілетін қызметтер:
3.1	конкурс өткізуге бөлінген лоттың сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген қырық мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын қызметтер (3.2-тармақта көзделген қызметтерді қоспағанда)
3.2	осы Тізбенің 2.1 және 2.3-тармақтарына сәйкес мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын жұмыстар бойынша инжинирингтік қызметтер (техникалық қадағалау және жобаларды басқару жөніндегі қызметтер)

Ескертпе:

* Осы Тізбеде көрсетілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ұйымдастыруды және өткізуді облыс ауданы, облыстық маңызы бар қала, облыстық маңызы бар қаладағы ауданның тиісті әкімдігінің ведомстволық бағынысты тапсырыс берушілері үшін мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушылары жүзеге асырады (оның ішінде аудандық коммуналдық

занды тұлғалар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға катысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар);

Осы Тізбенің 1.1, 2.1, 2.2 және 3.1-тармақтарында көрсетілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушылары облыс аудандарының, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдері және олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдары мен мекемелері үшін жүзеге асырады;

Осы Тізбеге енгізілмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға тапсырыс берушілердің өтінімдері бойынша тапсырыс берушімен бірлескен конкурстық комиссияларды (аукциондық комиссияларды) құру арқылы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы осындай мемлекеттік сатып алуды өткізумен келіскен жағдайда орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады;

Осы Тізбе бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды және кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғынжайды сатып алуды қоспағанда, электрондық мемлекеттік сатып алу арқылы өткізілетін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қолданылады.